



Ақмешіт

12 наурыз
сенбі

№20 (1825)

2022 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЖАРЛЫҚ ШЫҚТЫ:

БАРЛЫҚ ӘКІМДЕР, ЕЛМЕН ЖИІ КЕЗДЕСІҢДЕР!

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығы шықты. Бұған дейін «Ашық Үкімет порталында» бір ай бойы құжат жобасы жарияланғаны белгілі. Жарлық бойынша енді әкімдер кабинетте отырмайды, әрдайым елдің ортасында, халықпен бірге болуы тиіс. Бұрынғыдай жылына бір рет есеп беру ғана емес, жыл бойы халықпен кездесулер өткізілмек.

«Әкім бол, халқына жақын бол» деген нақыл сөз әр әкімнің ұстанымына айналмақ. Жарлықта атап көрсетілгендей, барлық әкімдер жыл бойы халықпен кездесуге міндетті. Атап айтқанда, енді облыс әкімдері әр ауданда және облыстық маңызы бар әр қалада кемінде жарты жылда бір рет, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі қаланың әр ауданында тоқсан сайын кемінде бір, аудан әкімі әр ауылда, кентте, ауылдық округте, аудандық маңызы бар қалада тоқсан сайын кемінде бір, облыстық және аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ әкімі қаланың, ауылдық округтің құрамына кіретін әр ауданда, ауылда, кентте тоқсан сайын кемінде бір, ауыл, кент, қаладағы аудан әкімі тоқсан сайын кемінде бір рет кездесу өткізуі тиіс. Сонымен қатар барлық деңгейдегі әкімдер халық талап етсе, қажет болған кезде күнтізбеден тыс жұртпен кездесу өткізуге міндетті. Қазір техникалық мүмкіндіктерді пайдаланып елмен етене жақын болуға да жол көп. Жарлықта атап көрсетілгендей, әлеуметтік желілер арқылы бейне конференциялар ұйымдастыру, барлық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықпен байланысу мүмкіндігін дұрыс пайдалана білу керек.

Айта кетелік, халықпен кездесудің де өз тәртібі бар. Бұрынғыдай елдің «ұйқысын келтіретін» ұзын-сонар баяндама жасап, сұрақ-жауапқа уақыт қалдырмайтын немесе еш мәселе айтылмайтын кездесулер болмайды. Жарлықта көрсетілгендей, кездесу үшін жоспарланған уақыттың төрттен бірінен аспайтын бөлігі баяндама оқуға, уақыттың қалған бөлігі «сұрақ-жауап» форматында өтеді. Әкімдер халықпен кездесуге алдын ала үлкен дайындықпен баруы тиіс. Ол үшін не істеу керек? Бұл туралы да Жарлықта атап көрсетілген. Біріншіден, проблемалық мәселелердің пулын жасау. Бұл үшін жергілікті қоғамдастық жиналысы және қоғамдық кеңестер мүшелерінің қатысуымен халықтың сұрауы мен ұсынысын жинау жөнінде комиссия құрады. Мұнан бөлек бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттық-насихат жұмысын жүргізіп, кездесу өтетінін алдын ала хабарлауға міндетті.

Кездесу өткізумен іс бітпейді. Халықтың әрбір сауалы жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Кездесуден кейін азаматтарды жеке қабылдау, мәселелерді шешу үшін қаржы мүмкіндігін мәслихат сессиясында жүйеге келтіру, кездесу мен қабылдау аяқталған соң он күннен кешіктірмей түйткілді мәселелерді шешудің нақты мерзімі мен жауапты орындаушыларды көрсетіп, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға тиіс. Демек, соңғы жылдары жыл басындағы науқанға айналған есепті кездесулер осымен тәмам. Жана Қазақстан құруға ниетті елдің әкімдері елге де, өзіне де пайдалы кездесу өткізу керек.

Бұл Жарлық әкімдердің елге қызмет ету үшін қандай болу керетін көрсетіп бергендей. Жарлықты оқи отырып, әкім қандай болу керек деген сұрақтың жауабын таптық. Аз сөйлеп, көп тындайтын, әрдайым елдің ортасынан табылатын, халықтың ортасына жиі барып мәселесін зерттей білетін, әрбір қадам ашық, әрбір ісі елге жариялы, сондай-ақ «халықтың құлағы, көзі һәм тілі» саналатын баспасөз көтерген мәселеге сергек қарайтын білімді әкім ғана елге жақын болады. Енді халық әкімді іздеп, есік жағаламайды, әкім халықты іздейді.



СҰХБАТ



Геннадий ШИПОВСКИХ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

«ҚАЗАҚСТАН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРДІ»

Ел сенімін аркалап, ҚР Парламент Мәжіліс мінберіне көтерілген депутаттармен ашық сұхбат жүргізіп, көптің көкейінде жүрген мәселелер тоңірегінде егжей-тегжейлі әңгіме қозғап келеміз. Бұл жолы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Геннадий Шиповскихпен әңгімелесіп, Қазақстанның бүгінгі мен болашағы және Сыр өңірінің тыныс-тіршілігі аясында жасаған сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.

2 БЕТТЕ

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ НЕГЕ ОРЫНДАЛМАЙДЫ?

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Әне, міне дегенше қыс аяқталып, көктемнің қарбалас тірлігі басталды. Қалада ауқымды шаралар атқарылғанымен шешімін күткен шаруалар да аз емес. Біздегі проблеманың бірі кейбір жастардың әскерге барудан жалтаруы болып отыр. Бұл бүгін көтерілген мәселе емес. Өткен жылы да осы сала бойынша кемшіліктер туындаған. Қала әкімі Ганибек Казантаев сол кезде қаламыздағы жастардың әскерге барудан бас тартуына не себеп екенін анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізуді тапсырған еді. Алайда аппараттық мәжілісте қалалық қорғаныс істері басқармасы әкімнің тапсырмасын орындамағанын аңғардық. Зерделету жұмыстары да жүргізілмеген.

2 БЕТТЕ

ХАЛЫҚ ҮНІ

ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП



Халық үніне құлақ асу – әкімнің міндеті. Ауылдың жайын бес саусағындай білуі тиіс әкім көп көкейіндегі мәселені біле ме екен? «Халық үні» айдары арқылы бұл жолы қалаға қарасты Қызылжарма ауылының әкімі Медет Сейілов ауыл тұрғындарының сұрағына жауап берді.

2 БЕТТЕ



ОНТҮСТІК КОРЕЯДАҒЫ ӨЗГЕРІС

9 наурызда Оңтүстік Кореяда Президент сайлауы өтті. Сайлауға дауыс беру құқығы бар 44 млн адамның 34 млн сайлаушысы өз таңдауын жасап, жеңіске оппозициялық консервативті «Азаматтық күштер» партиясынан үміткер Юн Сок Ел жеңіске жетті. Бұл жаңалық туралы әлемдік басылымдар жарыса жазды. Себебі бұған дейін саясатқа ешқандай қатысы болмаған, соңғы 27 жылда прокурор болып қызмет еткен жаңа мемлекет басшысына оңай болмайын деп тұр. Бұл туралы CNN арнасының тілшілері Джессе Юнг, Юнджунг Сео мен Паула Хэнкок «Оңтүстік Кореяның жаңа президенті елді қалай таңғалдырады?» тақырыбында сараптамалық мақала жариялады.



Арнау тілшілері жаңа президент елге қиын кезде келгенін жазады. Қазіргі кезде Оңтүстік Кореяда бірнеше шешім табуы тиіс мәселе бар. Оның ішінде Солтүстік Кореяның сес көрсетуі, Оңтүстік Кореяның серіктестері АҚШ пен Қытайдың арасындағы шиеленістің артуы секілді мәселелер күн тәртібінде тұр. Одан бөлек ел ішіндегі эпидемиалар мен сайлау алдында оның кандидатына қарсылық білдірген феминистік шерулер секілді мәселелер бар. Мақалада жаңа президенттің келуімен Оңтүстік Кореяда қандай өзгерістер болуы мүмкін екені жазылған.

Сайлау кезіндегі басты сұрақтың бірі корейаралық қатынас еді. Себебі Солтүстік Кореяның ракеталық сынақтары көпшіліктің күдігін тудырды. Олар 2022 жылдың өзінде 9 ракеталық сынақ өткізді. Оның ішінде жоғары жылдамдықта әрекет етуге қабілетті «гипердвигатель зымыраны» жаңа түрі оңтүстіктің сынына ұшырады. Екі Корея арасындағы келіссөздер 2019 жылы жоспарланған АҚШ-Солтүстік Корея саммиті сәтсіз аяқталғаннан кейін тоқтап қалды.

Юнның сайлаудағы басты бәсекелесі, демократиялық партияның өкілі Ли экс-президент Мун көздеген өзара сенімге негізделген қарым-қатынасты сақтап қалатынын айтты. Юн керісінше Оңтүстік Кореяның әскерін күшейтуге уәде беріп, тіпті Сеулге басып кіру белгілерін байқаса алдын ала соққы беретінін алға тартты.

Юн өзінің сайлауалды бағдарламасында Демократиялық партияның «Солтүстік Кореяға бағынышты саясатын» сығна алып, Солтүстік «толықтай ядролық қарулы саясатын ұстанбайыны» санкцияларды жеңілдетуіне немесе бейбіт келісім жасамауға уәде берді.

24 қаңтарда Сеулде сөйлеген сөзінде Юн дипломатия мен диалогтың есігі «әрқашан ашық» болатынын, бірақ ол «бағынбауға емес, күшті ұлттық қорғаныс ұстанымына негізделген» бейбітшілікке ұмтылатынын да тияны тиек етті. «Біз азаматтарымыздың қауіпсіздігі мен мүлкін және еліміздің аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғау үшін кез келген арандатылушылықтың алдын алатын қуатты әскери күш құрамыз», – деді Юн.

Бірақ сарапшылар мұндай қатал бағыт екі ел арасындағы қарым-қатынастың нашарлауына әкелуі мүмкін деп дабыл қағуда. Кейбіреулер Солтүстік Кореяның агрессия сипаттары оған бетер ұшығуы мүмкіндігін ескертуде. Олар 2017 жылы Солтүстік Кореяның көп сынақ өткізгеніне АҚШ пен Оңтүстік Корея әскери қуатымен сес көрсетіп, экс-президент Дональд Трамптің «әлем ешқашан көрмеген соғыс ұйымдастырамын» деген кезіндегі жағдайдан да қиын болуы мүмкіндігін айтты.

Седжон институтының өкілі Чон президенттікке Юнның сайлануы корейаралық қарым-қатынастардың «қырғы-қабақ соғыс кезіндегі қалыңырақ қайта оралуы» мүмкін екенін айтты.

Тілшілер сонымен қатар «Юнның жеңісі Оңтүстік Кореяның өзара қырғы-қабақ танытып жүрген әлемнің екі алып державасы АҚШ және Қытаймен қарым-қатынасын өзгертуі мүмкін», – деп жазады.

Оңтүстік Корея алғаш рет 2016 жылы Солтүстік Кореяның зымырандық қауіп-қатерлерінен қорғану үшін АҚШ-та жасалған Terminal High Altitude Area Defence (THAAD) қорғаныс жүйесін орналастыратынын мәлімдеді. Қытай бұл зымыран жүйесі өзінің ұлттық қауіпсіздігін қауіп төндіретінін алға тартып, екі ел арасындағы дипломатиялық қатынас бір жылға созылған еді. Екі ел арасындағы қоғамдық қатынас та нашарлап, кейбір Қытай азаматтары оңтүстіккорейлік тауарларға бойкот жариялауға және наразылық кезінде танымал тауарларды жоюға шақырған болатын.

«Жаңа президент әкімшілігінен «Оңтүстік Корея мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар қайтадан нашарлап, Оңтүстік Кореяның дипломатиялық позициясы одан әрі тарылып, Корея экономикасы белгілі бір соққы алуы мүмкін», – дейді Чонг.

Юн сондай-ақ АҚШ-пен тығыз одақтасудың технологиялық артықшылықтарына тоқталып, бұл Оңтүстік Кореяға Қытай секілді бәсекесі қабілетті елдер алдында өзінің үстемдігін сақтауға көмектесе алады деп сендірді.

Экс-президент Мун мен АҚШ президенті Джо Байден өткен жылғы саммитінде екі лидер әскери одағын күшейтіп, технология, экономика, қоршаған орта және денсаулық саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге келісті. Кейінірек бірлескен мәлімдемде АҚШ-Оңтүстік Корея қарым-қатынасы «тұрақтылық пен өркендеудің негізі» деп аталды.

Жаңа президент Юн Сок Ел да АҚШ-пен тығыз байланысты күшейтетін секілді Бейсенбіде Байден мен Юн телефон арқылы сөйлесіп, АҚШ президенті Юнды Ақ үйге қонаққа шақырды. Байден Оңтүстік Кореямен тереңрек екіжақты қарым-қатынасқа үміттенетінін және «Солтүстік Корея саясатына қатысты мәселені шешу маңызды болады» деп айтты.

Оңтүстік Кореядағы сайлау қарсаңында гендерлік мәселе өршіп, жас сайлаушылар гендерлік теңсіздікті алға тартты. Бәсекелік жұмыс нарығы мен үй бағасының шарықтауымен бетпе-бет келген «антифеминистер» елдің гендерлік теңсіздікпен күресудегі ұмтылысын көбінесе әйелдердің пайдасына тым артық екенін айтқан еді. Ал феминистер елде кең таралған зорлық-зомбылықты, директорлар кеңесі мен саясатта әйелдер үлесі төмендігін, әйелдерге қатысты кемсітушіліктің әлі де кең тарағанын алға тартты.

CNN арнасы Юнның гендерлік саясатқа қарсы пікірін білу үшін оның кеңесіне хат жолдағанымен ешқандай жауап ала алмаған.

Антифеминистер Оңтүстік Кореяда қуатты сайлаушыларға айналған. Оған сәуірде Мунның Демократиялық партиясы Сеул мен оның екінші үлкен қаласы Пусанда мэр сайлауында жеңіліп қалғаны, 20-дан асқан жастардың басым көпшілігі Юнның халықтық билік партиясына дауыс бергені дәлел.

Сайлау жақындаған сайын кейбіреулер Юн жеңіске жетсе гендерлік айырмашылық одан әрі кеңейіп, әйелдер құқығын алға тартқан қозғалыстар кері шегінуі мүмкін деп қауіптенген еді.

Міне, жаңа мемлекет басшысының осындай сұртқы және ішкі мәселелерді шешу міндеті тұр. Дегенмен Оңтүстік Корея халқы Юн өзі сөз берген, сайлауалды бағдарламасында қозғаған мәселелерді шешетініне сеніммен қарауда.

4 БЕТТЕ

Геннадий ШИПОВСКИХ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

«ҚАЗАҚСТАН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРДІ»

– Қазіргі үкімет «Жаңа Қазақстан» құруға қауқарлы ма? Алғашқы әңгімебизді осыдан бастасак...

– 2022 жыл еліміз үшін оңай басталған жоқ. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбіт заманда «Қасіретгі қаңтар» оқиғасы орын алып, елімізді есендіретіп тастады. Соның салдарынан мемлекетіміз айтарлықтай шығынға ұшырады. Осыдан соң кезінде ескерілмеген кейбір ұяйттар қайта қаралып, Президент төрмесімен жаңа Үкімет құрылды. Премьер министр Әлихан Асанұлы қаржы саласының білікті маманы. Сондықтан Үкімет тарапынан жұмсалатын қаржының тиынына дейін есеппен жұмсалып, мұқият қадағаланады деп сенемін. «Қасіретгі қаңтар» оқиғасы бәрімізге сабақ болады деп ойлаймын. Біріншіден, еліміздің қауіпсіздігі үшін. Одан кейін әлеуметтік мәселелер басты назарда болуы тиіс. Осының барлығын ескере отырып, алдағы уақытта Үкімет басшысы да, Үкімет мүшелері де «Жаңа Қазақстанның» көркеюіне жұмыла жұмыс жасайды деп сенемін.

– Жаңа Үкіметтің министрлері Президент пәрменін қалай орындауда?

– Жыл басынан бері Қазақстан түбегейлі өзгерді. Халықтың да көзқарасы дұрыс. Жаңадан тағайындалған Үкімет мүшелері де жаңа идея, тын тәсілмен жұмыс істеуде. Үкіметтің қазіргі талабы – қойылған мәселені сол мезгілде шешу жолдарын қарастыру. Жаңа Үкіметтен нәтиже күту әлі ертерек деп ойлаймын. Өйткені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырған мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік мәселелер енді іске асуда. Бұл көп кешікпей нәтижесін береді деп есептеймін.

– «Қасіретгі қаңтар» оқиғасынан кейін азаматтар туралы ақпарат көбейіп кетті. Бұл азаматтар полиция мен халықтың арасын алыстатып жібермей ме?

– Бұл жөнінде көптеген ақпараттар айтылуда. Мәжіліс депутаттары өңірлерге сапарында ішкі істер министрлігінің бөлімшелеріне барып, тексеру жүргізілуде. Одан бөлек бас прокуратура да осы Басы 1-бетте

жұмыстармен айналысуда. Бұл мәселенің барлығы яғни тергеудің әділетті өтуі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қатаң қадағалауында. Сондықтан бұл мәселе ҚР Парламент Мәжілісінің де басты назарында екенін атап өткім келеді.

– Сырдарияның тартылуы қазіргі таңда түйткілді мәселеге айналды. Сырдария суы тартылса қызылордалықтар қалай күн көреді?

– Сырдарияның тартылуы тек қызылордалықтардың емес, күллі қазақстандықтардың мәселесі. Неге десеңіздер, өкінішке орай Сырдарияның тартылуы экологиялық апатқа айналып бара жатқан сөйтіп. Расымен де, су – тіршілік нәрі. Су болған жерде береке болады. Ал су болмаған жағдайда үлкен қиындықтар туындауы ықтимал. Мәжіліс депутаттары Парламент отырысында осы мәселені көтердік.

Сырдарияға байланысты атап өтетін екі мәселе бар. Біріншіден, бұл – трансшекаралық өзен. Өздеріңіз білесіздер, көптеген мемлекет арасында су тапшылығына байланысты жолдан бөген алу жайы орын алуда. Ол Сырдарияның төменгі жағында орналасқан біздің мемлекетімізге кері әсер етуде. Біз осы мәселелерді ескере отырып, кезінде сыртқы істер министрлігіне және экология министрлігіне ұсыныс айттық. Қазақ «Қыстың қамын жаз ойла» деген сөз бар. Сондықтан бұл мәселені болдырмау үшін алдын ала сыртқы істер министрлігі мен экология министрлігі тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, мәселені алдын ала шешу маңызды. Сырдария өзенімен шектесетін мемлекеттер басшыларымен ақылдаса отырып, Қазақстан үшін тиімді шарт құрған абзал. Екіншіден, бұл жерде табиғи мәселелер бар. Одан бөлек жоғарыда атап өткенімдей өзге елдер өздерінің арналарын толтырып алуға жұмыс жасауда. Сондықтан осы мәселелерді ескере отырып, Мәжіліс депутаттары табиғатты қорғау комитеті мүшелерімен бірлесіп Сырдария мәселесін басты назарда ұстауда.

– Сыр өңірін дамыту үшін не істеу керек? Сіздің ойыңыз?

– Қызылорда қаласы қашанда қарқынды даму үстінде. Жыл сайын жаңадан көпқабатты тұрғын үйлер бой көтеруде. Инфрақұрылым жобасы

қарқынды жүргізілуде. Мемлекеттік бағдарламалар аясында әлеуметтік нысандар салынууда. Мұның барлығы халықтың қажетіне сай орындалуда. Одан бөлек осы бағыт бойынша үлкен өндіріс орындарын ашу керек. Сыр өңіріне жақында іс-сапармен бардым. Қала көркі көз тартады. Адамға жақсы әсер етеді. Былтыр ашылған Шыны зауыты жақсы істің бастауы деп ойлаймын. Сондай-ақ әр ауданның өз ерекшелігі бар. Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарын алып қарайтын болсақ, ең үлкен потенциалы – күріш егу. Ал күріш егу мәселесі тағы да суға келіп тіреледі. Сондықтан Сырдария суының мәселесін тез арада шешу қажет. Ол – күрішімізді экспортқа шығаруымызға және халқымызды жұмыспен қамтамасыз етуге сеп болатын басты фактордың бірі. Арал мен Қазалы ауданында балық өнеркәсібін іске асыруға міндеттіміз. Яғни балықшыларға көбірек көңіл бөлуіміз қажет. Жаңақорған мен Шиели аудандары бақша дақылдарымен айналысуда. Міне, осы азаматтарға субсидия жағынан болсын мемлекет тарапынан қолдау керек.

– Жаңа Қазақстан құру үшін Мәжіліс депутаттары қалай әрекет ету керек деп ойлайсыз?

– Қазіргі таңда мәжіліс депутаттары заңнамалық жағынан өз бағыттарын дұрыс қалыптастыруда. Халықпен кері байланыс орнатуды басты мақсат етуде. «Жаңа Қазақстан» құру заман талабы деп ойлаймын. Қазір әлем өзгеріп жатыр. Соған сай біздің еліміз де бейімделуде. Осы бағытта тиімді заң жобалары қабылданып, ол ел игілігі жолында іске асады деп ойлаймын. Тағы бір атап өтерлігі, еліміздің болашағы бұдан да биік әрі жарқын екеніне сенім білдіріп, сол жолда еңбек ете беретін боламыз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ НЕГЕ ОРЫНДАЛМАЙДЫ?

Қалалық қорғаныс істері басқармасының бастығы Алмас Чункунов аппараттық мәжілісте жастардың көбі ескерге барудан бас тартатынын ашық айтты. Оған себеп сырт жерлерге жұмысқа кетіп қалады. Сондай-ақ несиесі бар алампалардың ескерге аттануына психологтар шектеу қояды. Медициналық тексерістен өтпей қалатындар тағы бар.

– Ескерге барудан жалтарып, басқа қалаға жұмысқа кеткендер көп. Бұл тұрғыда ата-ана тарапынан көмек көрсетілмейді. Демек, жастардың ескерге баруға ниеті болмай тұр. Жауапкершілік жоқ. Өткен жылы жалпы тапсырыстың 79,4 процентін орындады. Аудандармен сәйкестіргенде Қызылорда қаласы төмен деңгейде. Быыл көктемгі мерзімде 272 азамат ескерге шақырылған. Осы жылы олардың саны артып

Басы 1-бетте

отыр. Тапсырысты жоғары деңгейде орындау мақсатында қалаға қарасты кент және ауылдық округтерге меже бөлікті. Ауылдық округтер осы мәселеге назар аударып, тиісті жұмыстар жасалуы тиіс, – деді Алмас Чункунов баяндамасында.

Жастардың ескерге барудан бас тартуы өзекті мәселе екені рас. Сондықтан азаматтардың ынтысқан артыру үшін тиісті жұмыстар жасалуы керек-ақ.

– Жастарға патриоттық тәрбие беру бағытында елге сыйлы ардагерлермен білім беру мекемелерінде кешенді шара ұйымдастырылуы тиіс еді. Сонымен қатар ескерге барар алдында неге қалалық комиссиядан өтіп, облыстық комиссиядан өтпей қалады? Сол емханада тіркеліп тұр ма? Әрі қарай емделу үшін тұрақты қаралып жүр ме? Осы мәселені зерттеп, бірлесіп шешу жөнінде тапсырма берілген болатын. Әскерден бас тартқан азаматтарға

шара қолдану қажет еді. Бұл мәселе де назарға алынбаған. Берілген тапсырмалар орындалмаған. Неге? – деді қала әкімі.

Қала әкімі көктемгі ескерге шақыру жұмыстарының 100 процентке орындалуын қадағалауды қатаң ескертті. Азаматтардың медициналық тексерулен өтуін қадағалау қажет. Белгісіз себептермен ескерге барудан қашып жүргендерге заңға сәйкес шара қолданысын. Олардың аты-жөндерін заң талаптарына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жариялау қажет, – деді қала басшысы.

Аппараттық мәжілісте сондай-ақ жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту жөнінде қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрбабаеваның баяндамасы тыңдалды.

– Жыл басынан 3007 азамат жұмыссыз ретінде тіркелсе, оның ішінде 584-і тұрақты жұмыспен қамтылды. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттар биылғы жылы 29 жасқа дейінгі жастарға, аз қамтылған отбасы мүшелері – атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көпбалалы отбасы мүшелері мен мүгедек баланы тәрбиелеушілерге берілмеді. Яғни жоспарланған 814 азаматтың ішінде 331 жас кәсіпкердің жобасын қолдау көзделуде, – деді бөлім басшысы.

Қала әкімі осы мәселе негізінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамтуды қолға алу керектігін баса айтты. Оларға қолдау, көмек керек. Мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселесі назардан тыс қалмауы тиіс.

Мәжілісте көктемгі егін жұмыстарының барысы жөнінде қалалық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбек Әзірбек кенішін саралады. Бөлім басшысының сөзіне сүйенсек, осы жылы 8956 гектар алқапқа егін егу жоспарланған. Биыл да су тапшылығы мәселесі алаңдатып отырғаны белгілі. Көксарай су қоймасындағы жиналған судың көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда 1 млрд 294 млн текше метрге аз. Сондықтан да ауылдық округтерде насос қондырғысын қою бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда.

Аппараттық мәжілісте көтерілген үш мәселе де ауқымды. Сондықтан да сала басшылары нақты жұмысқа кірісуі қажет-ақ. Жиньды қорытындылаған қала әкімі Ганибек Қазанғаев талқыланған мәселелер бойынша тиісті талпа мамандарына нақты тапсырмалар берді. Алайда тапсырма берілуімен емес, орындалуымен маңызды.

ХАЛЫҚ ҮНІ

ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП

1. **Ы.Жақаев тұйығын қашан жөндейді екен?**

Өткен жылы Қызылжарма ауылдық округі бойынша 3 көшеге жөндеу жүргізілді. Оның ішінде 1 көшеге асфальт, 2 көшеге қиыршық тас төселді. Айта кету керек, ауылдық округ бойынша жалпы 120-ға жуық көше болса, оның ішінде 50 көше жол жөндеуді қажет ететін көшелер тізіміне енгізілген.

2022 жылы Қызылжарма ауылдық округі «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қаржыландыруға енуіне байланысты округ бойынша жол жөндеуді қажет ететін көшелерге жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім берілді. Өзіңіз атап өткен Ы.Жақаев тұйығы аталған тізімде бар.

2022 жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қаражат бөлінген жағдайда Ы.Жақаев тұйығына 11,3 млн теңгеге 400 метрді құрайтын орташа жол жөндеу (асфальт төсеу) жұмыстары жүргізіледі.

2. **Қызылжарма ауылдық округіндегі 4Б көшесін жөндеу биылғы жылғы жоспардан қалып қоймайды деген үміттеміз.**

Жоба құны 1 млрд 642 млн теңгеге қалалық құрылыс бөлімі арқылы округтің шет аймақтары болып саналатын Қызылжарма-1 және Қызылжарма-2 тұрғын ауданы және ауыл ішіндегі 35 көшеге тас төсеу жұмыстарын бастауға 2022 жылға 190 млн теңге қаралып отыр. Аталған көшелер тізімінде 4Б көшесі де бар.

3. **Ө.Махамбетов көшесі қашан асфальтталады?**

Жоғарыда айтып өткендей, 2022 жылы Қызылжарма ауылдық округі «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қаржыландыруға енген болатын. Аталған бағдарлама аясында жол жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін ауыл әкімдігі тарапынан жол жөндеуді қажет ететін көшелерге жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім берілген. Өзіңіз атап өткен Ө. Махамбетов көшесі де аталған тізімде бар. 2022 жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қаражат бөлінген жағдайда Ө.Махамбетов көшесіне жалпы құны 86,7 млн теңгеге 1,8 шақырымды құрайтын орташа жол жөндеу (асфальт төсеу) жұмыстары жүргізіледі.

4. **Биыл жоспарда жол, мектеп, көшелерді жасрықтандыру жүзеге асырылады екен. Әбенов көшесінің аяқ жағына жасрықтандырылу жүргізіле ме? «Сыр дидары» балабақшасы Әбенов көшесінде орналасқандықтан жаяу жүргіншілер жолы керек. 5, 4Б, 5А көшелеріне атау берілсе. Бұл көшелерге жол түсетініне қуаныштымыз.**

Өткен жылы ауылдық округтегі 3 көшеге түнгі жарық бағаналары мен шамдары орнатылды. Бұдан бөлек, ауылдық округтегі түнгі жарық бағаналарын орнатуды қажет ететін көшелерге жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, облыстық бюджетке қаржыландыруға ұсынылды. Аталған тізімге Әбенов көшесіне түнгі жарық бағаналарын орнату жұмыстары енгізілген. Жоба құны 18,5 млн теңгені құрап отыр.

5, 4Б, 5А көшелеріне атау беруге қалалық ономастикалық комиссияға ұсыныс берілді. Ономастикалық комиссия отырысы наурыз айының аяғында өткізілмек. Комиссия қорытындысы бойынша оң қорытынды алған жағдайда аталған көшелерге атау беріледі.

Сонымен қатар Әбенов көшесі жаяу жүргіншілер жолын қажет ететін көшелер тізіміне алынған.

5. **Н.Лиясов көшесіне қашан асфальт төселеді, өткен жылы 2022 жылы деп едіңіздер...**

Жоғарыда атап өткендей, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына ұсынылған бюджеттік өтінімде Н. Лиясов, Сексенбаев көшелеріне жол жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған.

2022 жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қаражат бөлінген жағдайда Н.Лиясов көшесіне 44,5 млн теңгеге 1 шақырымды құрайтын орташа жол жөндеу және Сексенбаев көшесі жолының ескірген (Қарабалаев пен Абай көшесі аралағы) аумағына 36,5 млн теңгеге 300 метрді құрайтын орташа жол жөндеу жүргізіледі.

6. **Қарабалаев тұйығында жаңбырлы күндері жүру мүмкін емес. Балалар балишыққа батып, жедел жәрдем кіре алмайды. Мұндай күндері біздің ауылда әкім жоқ екен деп қаламын. Мектеп құрылысы да кезек күттірмейтін мәселе. Құрылыс жұмыстары қашан басталады?**

Жоба құны 1 млрд 642 млн теңгеге қалалық құрылыс бөлімі арқылы округтің шет аймақтары болып саналатын Қызылжарма-1 және Қызылжарма-2 тұрғын ауданы және ауыл ішіндегі 35 көшеге тас төсеу жұмыстарын бастауға 2022 жылға 190 млн теңге қаралып отыр. Аталған көшелер тізімінде Қарабалаев тұйығы да бар.

Сондай-ақ Қызылжарма ауылдық округінде жобалық қуаты 1200 орындық Сақтапбергән Әлжіков атындағы орта мектебінде екі ауысымда 2627 оқушы оқып, 227 орынға тапшылық қалыптасуда.

Халық саны мен балалар санының жыл сайынғы өсуіне ескере отырып, облыстық бюджет қаражаты есебінен ауылға 900 орындық жаңа мектеп салуға 2020 жылы 2,9 млрд теңгеге жоба-сметалық құжаттама әзірленді. Алайда қазіргі уақытта басымдық апатты және үш ауысымды мектептерді жоюға бағытталуына байланысты Қызылжарма ауылындағы 900 орындық мектептің құрылысы 2022 жылға шегерілді.

Сонымен қатар аталған мектептің құрылысы «AMANAT» партиясының 2021-2025 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасына енгізіліп, 2022 жылы құрылысын бастап, 2024 жылға дейін іске қосу жоспарлануда.

P.S. Өз ауылыңыздың әкіміне қояр сауалыңыз болса «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясына хабарласыңыз. Телефон: 8 (7242) 40 11 10. E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

«Автогаз Трэйд» ЖШС «Қызылорда қаласы, Назарбаев даңғылы, 9 мекенжайы бойынша орналасқан СКГ автокөліктеріне май құюға арналған газ толтыру модулін орналастыру» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 06.04.2022 ж. бастап өтеді. Қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты орган «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы». Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірінші экологиялық порталда танысуға болады - <https://ecportal.kz/Discussion/DisPublic>.

Жобалық құжаттамаға тапсырыс беруші: «Автогаз Трэйд» ЖШС, БСН 141140004759.

ҚОҚБ әзірлеуші: «Nomad Eco» ЖШС, тел. 8(7172)79-25-75, 8(701)339-21-21, info@nomadeco.kz.

«Автогаз Трэйд» ЖШС «Қызылорда қаласы, Бейбітшілік көшесі, 57 мекенжайы бойынша орналасқан, СКГ автокөліктеріне май құюға арналған газ толтыру модулін орналастыру» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық тыңдау туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 06.04.2022 ж. бастап өтеді. Қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты орган «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы». Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірінші экологиялық порталда танысуға болады - <https://ecportal.kz/Discussion/DisPublic>.

Жобалық құжаттамаға тапсырыс беруші: «Автогаз Трэйд» ЖШС, БСН 141140004759.

ҚОҚБ әзірлеуші: «Nomad Eco» ЖШС, тел. 8(7172)79-25-75, 8(701)339-21-21, info@nomadeco.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЯ

ТОО «Автогаз Трэйд» сообшайт о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел Охраны окружающей среды к рабочему проекту «Установка газозаправочного модуля (моноблок) для заправки автомобилей сжиженным нефтяным газом, расположенного по адресу: г. Кызылорда, проспект Назарбаева 9».

Публичные обсуждения будут проходить с 06.04.2022 г. Орган ответственный за координацию общественных слушаний в форме публичного обсуждения, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале для представления замечаний и предложений - <https://ecportal.kz/Discussion/DisPublic>.

Заказчик проектной документации: ТОО «Автогаз Трэйд», БИН 141140004759.

Разработчик ПООС: ТОО «Nomad Eco», тел. 8(7172)79-25-75, 8(701)339-21-21, info@nomadeco.kz.

ТОО «Автогаз Трэйд» сообшайт о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел Охраны окружающей среды к рабочему проекту «Установка газозаправочного модуля (моноблок) для заправки автомобилей сжиженным нефтяным газом, расположенного по адресу: г. Кызылорда, ул. Бейбитшилик, 57».

Публичные обсуждения будут проходить с 06.04.2022 г. Орган ответственный за координацию общественных слушаний в форме публичного обсуждения, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале для представления замечаний и предложений - <https://ecportal.kz/Discussion/DisPublic>.

Заказчик проектной документации: ТОО «Автогаз Трэйд», БИН 141140004759.

Разработчик ПООС: ТОО «Nomad Eco», тел. 8(7172)79-25-75, 8(701)339-21-21, info@nomadeco.kz.

Басы 1-бетте

МЕРЕЙ

«...Шалқыған шаттық әні бақтарында,
Бөленген көшелері ақ қайыңға.
Дарияның жағасында бір қала бар,
Айналған Сыр елінің мақтанына», – деп туған жерін тебірене жырлаған ақын Махмұтбай Әміреұлы мерейлі 80 жасқа толып отыр. Елге белгілі каламгер, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Махмұтбай Әміреұлының мерейтойына орай Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Жыр жайсаңы» аты шығармашылық кеш өтті.



ЖЫР ЖАЙСАҢЫ

Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасымен дараланған ақынның кеші каламгердің өміріне негізделген бейнематериалдан бастау алды.

Мерейтой иесін облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай арнайы құттықтап, шапан жапты.

– Бүгінде сіздің өлеңдеріңізбен сусындап жүрген Сыр жұрты өзіңізді мәртебесі биік ақын ретінде таниды, әрқашан қадірлейді. Журналистер қауымы аймақ баспасөзінде каламды қарымымен танымал азамат ретінде біледі. Махмұтбай Әміреұлымен қатар жүретін «Қызылорда вальсы» де Сыр өңірін суреттейтін өңге айналды. Осы орайда мерейтойыңызбен құттықтап, Сыр руханиятына қосқан сүбелі үлесіңіз ел жалынды ескені атап өткім келеді. Өзіңізден тәлім-тәрбие алған шәкірттеріңіз де бүгінде ел дамуына зор үлес қосуда. Біз сізге зор денсаулық, сарқылмас шабыт тілейміз. Әрдайым Сыр жұртшылығын рухани байытып жүре беріңіз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Бүгінде сексеннің секірініе шыққан ақын Махмұтбай Әміреұлы 1942 жылдың 20 ақпанында Жалағаш ауданына қарасты Мақпалкөл ауылында өмірге келген. Ол кісі еңбек жолында Шымкент облысының Ленин ауданында мұғалім, Қызылорда облыстық шығармашылық үйінің әдіскері, облыстық «Ленин жолы» газетінде корректор, Сырдария аудандық «Сырдария» газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, Сырдария аудандық партия комитетінде нұсқаушы, саяси оқу кабинетінің меңгерушісі, «Сырдария» газетінің редакторы, облыстық кәсіподақтар кеңесі баспасөз орталығының меңгерушісі, Сырдария ауданы әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1998 жылдан

бастап облыстық «Сыр мектебі» газетінің бас редакторы болып келе жатқан ақын балалар шығармашылығын дамытуға да сүбелі үлес қосты.

Ақынның республикалық «Жалын» баспасынан «Жүзім бағ» («Қызыл жынғыл»), «Ақ сәуле», жергілікті баспадан «Сыр әндері», «Сыр жырлары», республикалық «Үш қиян» баспасынан «Жылдар, жырлар», «Сыр әндері», «Сырдария-Жырлария», «Сыр мектебі» жыр жинақтары жарық көрді. Ол «Қызылорда вальсы», «Қимаймын», «Шалқыған ән» секілді 100-ге тарта ән мәтіндерінің авторы. Сонымен қатар М.Әміреұлы 1990 жылдан бері Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Сырдария ауданының және Қызылорда қаласының құрметті азаматы.

Махмұтбай Әміреұлының мерейтойына арналған шығармашылық кеште «Жастар» театрының әртістері ақын өлеңдерін оқыса, Сымбат Тасбергенова мен Айдос Иманжапбаров секілді әншілер каламгердің сөзіне жазылған әндерді орындады. Шарала Қазақстан жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Қаршыға Есімсейітова жазушылар одағының құттықтауын табыс етіп, ізгі тілегін жеткізді. Қызылордалық журналистердің атынан сөз сөйлеген «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, Қазақстан журналистер одағы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаев жылы лебіз білдіріп, қазақи дәстүрмен шапан жапты. Ардагерлер атынан лебіз білдірген Максұт Баекеев жазушыға құттықтауын жеткізіп, алдағы уақытта ақын мерейтойына орай арнайы шара өтетінін айтты.

А.НҰРАЗҒАЛИ

ДАРА ЖОЛДЫ АҚЫН

«Мен сенемін күні ертең,
Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем.
Мына дәурен бұрқан-талқан,
Ертең қайта өзгерер.
Ақындарын сұлтандардан,
Артық санар кез келер».

Бұл – қазақтың заңғар ақыны Мұхтар Шахановтың «Махамбеттің соңғы сөзі» жырының үзінді. Өтемісқұндай қиялдаған Шаханов та ақындарға көрсетілетін құрметтің бөлек болу керектігін Махамбеттің өзі болып айтып тұрғандай әсер қалдырады. Шынында да, қияға қиямен қырандай самғаған ақын деген халыққа елдің құрметі де, қошеметі де шексіз. Сырдың арда перзенті, ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, елге белгілі каламгер, ҚР Ақпарат саласының үздігі Дүйсенбек Аяшұлының 60 жылдық мерейтойы қарсаңында өткен шарада сөз киесін қадір тұтқан жанға көптің ықыласы ерекше екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік.



Аптаңғы бейсенбісінде Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйіндегі «Сыр медиа» академиясында қазақ журналистикасында өзіндік орны бар, өзінен кейінгі буынға ұстаз бола білген Д.Аяшұлындай каламгердің мерейтойына арналған «Сен айтшы...» атты тосын сыйға толы мерекелік кеш өтті. Ақынға құрметті алғаш болып әріптестері – «Сыр медиа» серіктестігінің ұжымы көрсетті.

өзінің тума талантымен, жалпы адамдық болмысымен ерекше тұлға. «Адамдық қасиетің биік ұстау – кімге болса да сын» демекші, 2014-2015 жылдары «Ақмешіт апталығы» газетінде бас редактор қызметінде жүргенде ақынның адамгершілік қасиетін аңғардық. Біздің ұжымды аз уақыт басқарса да, өзінің басшылық келбетін қалыптастырып, шығармашылық топты шындей білді.

биігі, таза еңбегімен, маңдай терімен келген жетістігі, күмірленген шығармашылық шыңы барын тілге тиек етті.

Ақынның шығармашылығы сазгерлерге шабыт сыйлап, өмірге қаншама ән келді. Бүгінде Дүйсенбек Аяшұлының сөзіне жазылған бірнеше ән ел аузында жүр. Ал өлеңдері жас буынның бағдар алау бағыты, күш-қуат алау ой-тұнығына айналды. Шара барысында шалқар шабыт несінің әріптес іні-қарындастары Ғазиза Әбілда, Әзиз Батырбеков, Айжан Абдуллаева, Фариза Омарова, Биболат Сәтжан, Рыскелді Жахман, Ақтілек Бітімбай, Дина Бокебай, Мәдір Қалымбет сияқты әріптестері ақын өлеңдерін оқыды.

Ол саналы ғұмырын қауырсын қалам мен ақ паракка арнап келеді. Түрлі тақырыпта мақалалар жазды. Осыған дейін Сыр өңіріндегі ата басылым «Сыр бойы» газетінде тілші, бөлім басшысы, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. Сондай-ақ туған жері Шиеді ауданында «Өскен өңір» газеті мен Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы»



Кездесу барысында «Сыр медиа» серіктестігінің бас директоры, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаев сонау студенттік шақтан бірге келе жатқан замандасы ретінде Дүйсенбек Аяшұлының ешкімге ұқсамайтын ғажайып әлемі барын атап өтті.

Расында ол – сыршыл ақын, белгілі журналист. Өзгеге ұқсамайтын жазу мәнерімен, ұшқыр қиялымен, ойының тереңдігімен қалың оқырманға танылып үлгерген белгілі ақын. Бүгінде қазақ өлеңінің құдіретін жас буынға дәріптеп, қасиетін ұғындырып жүрген жан. Мерейтой иесінің «Өр алғыс» жинағының қазақ поэзиясында өзіндік орны бар. Ол

«Ақын жанын ақын ғана түсінеді» деген тәміл тектен тек айтылмаса керек. Мерекелік кешке Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясының құрылтайшысы, ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, облыстық мәслихат депутаты Шәкізата Әбдікәрімов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, доцент Шанжархан Бекмағамбетов, облыстық «Кәсіпкер келбеті» газетінің директоры Жүзбай Таптықбаев қонақ болды. Кездесу барысында кеш қонақтары ақынның шығармашылығы мен еңбек жолындағы қызықты естеліктерімен бөлісті.

Атап айтсақ, кеш қонағы Шәкізата Әбдікәрімов каламгерлер арасында дара жолы, жазу стилі бар Дүйсенбек Аяшұлының қазақ журналистикасында өз

басшылығында бас редактор болып, абыройлы қызмет етті. Ал қазір облыстық «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы қызметін атқарып жүр.

Дүйсенбек Аяшұлы өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, айналасына қамқор қолын ұсынып жүретін азамат, аға ретінде жақсы білеміз. Өзінің өмірін арнаған саланы дамытуға сіңірген еңбегі енді қалам тербеп жүрген ақындар мен жас журналистерге үлгі. Қалай десек те, Дүйсенбек Аяшұлы ешкімге ұқсамайтын, өзіндік дара жолы бар ақын. Мерейтой иесін тағы бір мәрте құттықтап, елдің құрметіне бөлене беріңіз деген тілек білдіреміз.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, Ресей академиясының академигі Қазыбай Құдайбергенов сексенге толды.

Бүгін ғалым жайында бір үзік сырды айтуды парыз тұттық. Бұл – Қазыбай бізбен көршілес ауылдың жігіті. Бала кезінен танысыз. Арғы аталары баяғы Ұлбикемен айтысатын, дуалы сөзімен Құнанбайды аға сұлтандыққа сайлаған Күдері Қожадан тарайды. Айтқыр Қалтаймен аталас туыстар. Шағын ауыл – қазіргі Шіркейлі өңшең ақын-шайырлар ауылы болған. «Көкілтай» медресесінде оқыған Тапал ахун, одан Камалладин, Жәміш мақсұмдар, берікте Қалтайдың өкесі – Қарамолда – Мұхамеджан Нүрекеевтердің кіндік қаны тамған құнарлы өңір. «Заман-ай» деген төрт шумақ өлең жазып, қызыл империяны тоқпақ жалды тойғайға теңегені үшін Мұхамеджан ата «халық жауы» атанып, атылып кеткені өзінше жыр. Бұл жайларды Қазыбай төгілте әңгімелейді.

СЕКСЕНДЕГІ АКАДЕМИК



Міне, осынау бір кездегі Талап атты кең жайлауда бүгінгі ғалым – тарихшы, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Қазыбай Құдайбергенов дүниеге келген. Бала жастан қиыншылықты, өмірдің талай тауқыметін көріп өскен азамат. Әкесі Құдайберген ата ақындығы бар, ала жіпті аттағанда, қолхоз басқарып тұрып, ашқұрақ отырғанын көз көргендер осы күнге дейін таусылмайтын әңгіме етуден жалықпайды.

Біз бүгін ендігі әңгімені осынау текті тұлпардың тұяғы Қазыбай Құдайбергеновке қарай бұрайық.

Қазіргі Қазыбай сексенде, әлі ширақ. Тұлпарға үзеңгі салмай секіріп мінеді.

Бүгін Қазыбайдың «Сырым мен шыным» атты өлеңдер жинағы қолыма тигелі бері қайта-қайта парақтап оқып отырмын. – Оу, мына ғалым-профессор ақын екен-ау, – деп тамсанып қоямын. Өлеңдері Абай атамыз айтқандай, жұп-жұмыр екен. Осы кітабын маған ұсына отырып, былайша эпиграф жазып жіберіпті:

«Сырым да осы ағажан, шыным да осы,
Өлең жазам келгенде көңіл қошы.
Қылышымен қара сөз «жауға» шапқан,
Өзіңсіз ініңнің адал досы!»

Асылы, адамға қартайғанда мақтау керек секілді екен, лебізіне рахмет деп іштей ризалық пейіл байқатып, 200 бетке жуық топтама өлеңдеріне шолу жасауға бел будым.

Кітаптың алғашқы беті біз оқып жүрген бұрынғы ақындар секілді Отан, туған жер емес, бірден сүйікті жары Жақсыбикеге «Алғашқы танысуым» деп басталыпты.

«Ауысып уақыт шіркін күн мен түнге,
Зымырап өтіп жатыр жүрген бізге.
Жиырма жыл өмірімді бірге өткізген,
Сырымның кілті жарым – Жақсыгүлге!»

Өзіңмен өткен шақтарым,
Соғатын желге санаймын.
Сырласқан саябақтардың,
Самалын сепкен аралымым!»

Ғалым Қазыбай сүйген жарын осылай тербейді, тебіренеді. Сырымның кілті, саябақтардың самалы сепкені күні кешегідей екенін шумағымен өрнектейді. Қалқан құлақ сары шалың ызыңдап келе берсінші, «балаларыңның бағы бол, жаныңа әркез шат күлкіге кенелсінші» деген шынайы сезім сүйікті жары елуге толғанда арналыпты.

Сүйікті жары Жақсыбике үлкен сырқатқа шалдықты. Қазыкеңді мұң басты. Алматыда операция жасар сәтте жарына:

«Жанарыңнан жал еткені соңғы ма деп қорықтым,
Көкірекке шер мен мұң толды ма деп қорықтым!
Қоштасатын уақыт шіркін жетті ме деп қорықтым!» –

деп ажал құрсауынан қалай аман алып шығамын деп азаматтың жаны күйзелгені жүректі сыздағанды.

Қазыбай күйзелді. Тағы да азамат өлеңмен шер тарқатты. Сүйікті жары Жақсыбикеден, 2004 жылы жалғыз тұяғы Ароннан айырылды. Ұлына арнаған «Ароным» деген өлеңде:

«Тастатып артқа бәрін де балам,
Өкініш өртеп ашиды жарам.
Құзырын хақтың қабылдап алам,
Бір күні менде қасыңа барам!»

Ақынжанды азаматтың бұл жинағының өн бойы сабырға, дауасыз ажалға, дос-жарандардың қамқор құшағына, қиын сәтте қол ұшын созған іні-қарындастарына, замандастарына арналғаны сезіледі. «Қайғыға дауа – уақыт» атты өлеңінде ғалым өзін-өзі жұбатады.

«Қырқы да өтті, жүзі де жақын, жыл келер,
Жәңделер әлі қиюы кеткен іргелер.
Бақилық болып кеткенше біздер пәніден,
Жүрекке жаны, рухы мәңгі бізбен ол,
Жараның емі зымырап жатқан уақытта,
Дегенмен алда қуаныш та бар, қауіп бар.
Кеткелі Арон көңіл де шіркін селт етпей,
Тұрғандай бүркіп жаңбырмен бірге жауып қар».

Иә, өмір-өзен, ол ағысын тоқтатпайды. Тірі адам тіршілікке бет бұрады.

Бұл кітап жеті тараудан тұрады. Бүкіл тарауда жалпы ақынжанды азамат «жүрек-жамау, қиял-құз, санам-сағым» деп өзін-өзі жұбатады, қанатын қатайтқандай болады. Аллаға әмір жүрмейтінін сездіреді.

Кітапты одан әрі оқып, парақтай бастадым. Ауылдас інісі ақын Қанатбектің кітаптағы арнауы жан толқытады. Қазекенде «Мойыма, аға, мойыма!» деп қуат бергендей жыр арнайды.

«Баршаға биік бағасы,
Риза қайны, ағасы,
Қабырғамызды қайыстырды-ау,
Жақсыбикенің қазасы.»

Тот баспайды тазаны,
Болғанмен өмір азабы.
Жүрегіңдегі жараны,
Уақыт қана жазады».

Әрине, уақыт – емші. Ол ұрпақпен жалғаса бермек,

Кітаптағы сүйікті ағасы Әбибулла Мұхамеджанов, Пасахаддин Еспенбетовтың арнау өлеңдеріндегі шумақтарда Қазыбайға деген ілтипат, қамқор құшақ, сабырға шақырған шынайы ілтипат таудай қайғыны тарыдай етуге шақырған қуат сезіліп тұр.

Ақын Әскербек Рақымбекұлы замандасы Қазыбайдың сүйген жары Жақсыбикенің жылындағы оқыған өлеңі кітаптың өң бойын одан әрі толықтырып тұрғандай. Ақын Әскербек былайша тебіренеді:

«Жақсыбикедей жарыңмен тауып жарасым,
Талай жыл тақтың аспаның енді ашылар...
Қырандай едің қиядан тұрақ табатын,
Ұлы мен қызың қанатын еді қағатын.
Қапияда, досым, қанатыңнан сен қайырылдың,
Жалғыз жұлдызың – жалғыз ұлыңнан айырылдың.»

Қара аспан құлап,
Қайғырдың сонда, қайғырдың,
Айрылдың естен аманда сен ай-күннің.
Жаралы күндер жалғасты солай, жалғасты,
Жақсыбикенің жағасына дерті жармасты.
Араға түсті сұм ажал атты албасты
Айырда-ау сені махаббатыңнан алғашқы.
Көп жылдан бері көтердің жүктің нар шыдар,
Қап-қара бұлтан аспаның енді ашылар...
Аялап жүрген ақ арманың да бар шығар,
Шақтасын,досым, шабыттың атын қамшылар»...

Соңғы жетінші тарауда Қазыбай табиғат, көктем сезімдері, Германияда әскери борышын өтеп жүргендегі жазбаларын, сондай-ақ дос-жарандарға, ақын Сейілге, академик Д.Кішібековке, тағы басқаларға арнаған өлеңдері шып-шымыр, оқуға ынтаяр етеді.

Кітаптағы суреттерде туған жер келбеті, кездесулер, ата-бабаларының көркем бояулы суреттері берілген.

Біз бүгін ғалымның ақындық өнерінен сыр ағыттық.

Ал оның ғалым ретінде тындырған ісіне тоқталмадық. Жалпы ғалым, профессор Қазыбай Құдайбергенов топты жара сөйлейтін шешендігі бар азамат, орынды жерінде таптырмайтын асаба, білімі өзіне жетерлік мәселені әріден қозғайтын білгір, қара сөздің де қара нары.

Ғылыми бағыты – экономика тарихы, өндіргіш күштерді орналастыру мәселелері, қазақ ағартушыларының экономикалық көзқарастары, екі монографияның, оқу құралының, жүзге жуық ғылыми мақаланың авторы, Мәскеудегі педагогикалық білім беру академиясының корреспондент мүшесі, академик. Бір басына жетерлік сан алуан марапат бар. Жиын-той, кездесулерде Қазыбай жүреді.

Ақынжанды ғалымның «Сырым мен шерім» атты өлеңдер жинағын парақтап оқығанда қандай ой түйдік? Азамат өзінің іштей шер-шеменін, жан тебіренісін сыртқа шығарғандай секілді. Кітаптағы ақындар Сейфолла Оспан, Әскербек Рақымбекұлы, айтсы ақыны Зәмәдин Ибадуллаев жыр шумақтарымен Қазыбайды одан әрі қанаттандырады әсер қалдырады. Біз де осы тілекке қосыламыз.

Біз бүгін оның ғалымдығынан гөрі ақындық өнерге деген ұмтылысын аз-кем сөз еттік. Бәлкім ақынжанды азаматтар Қазыбайдың арнауларына тереңірек зейін қойып, сәт сапар тілеп жатса артық болмас деп тұжырымдауды парыз тұттық.

Қазыбай қаламы ұшқыр, әттең ғылымға беріліп кеткен. Әйтпесе, бірнәғай жазушылыққа бет бұрса көп адамның несібесін қағып, алдына шығар еді. Мұны неге айтып отырмыз? Ол әңгіме естелік жазудың шебері, дос жарандарына арналған өлеңдері шып-шымыр. Ғалым Қазыбай ағалары Бодаш Уәлиев, Аралбай Маханбетов жайында «Адалдықтан айырылған азамат», «Сыр сарабалды Аралбай» атты бірі – 266 беттік, екіншісі – 331 беттік мемуар жазып, баспадан шығарды.

Сонан соң өзінің өмірі туралы толғанысқа толы «Ортам менің ой парасат-ордасы» атты өлең-жыр дастандарына қоса өзінің бабалары, арғы теңі туралы деректерді жинастырып жазды. Көп еңбектеніп, тарихи деректерді көз майын тауысып жинақтағаны қайран қалдырды. Бабалары Күдері ақын туралы тың деректерді топтастырып, «Күдеріқожа мұрасы» атты кітапты Ерәлі Оспановтың құрастырып шығаруына себепші болғаны бір төбе әңгіме.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

Әлемдік аренада қазақтың атын шығарған бір спортшы болса, ол Геннадий Головкин. Әуесқой бокстан кәсіпқой боксқа ауысқан «сары қазақ» өзінің бүгінге дейінгі жекпе-жектерінде «мен» деп кеуде соққан «талай мықтының» мысын басты. Шапшаңдық, Шаршамау, Мінез, Еңбек. Осы қабілеттердің арқасында Гена өзімен жұдырық түйістірген қарсыластарын бірінен соң бірін сұлата берді. 10 жыл бойы жеңілістің кермек дәмін татпады. Бір кездері «GGG-ді шаршы алаңда өлтіріп сабаймын. Ал оның жанкүйерлері оның жазасына келеді» деп те есірін мәлімдеме жасағандар болған. Алайда жымсық ойлары жүзеге аспады. Айтпағымыз бұл емес, бүгінгі әңгіміміз Геннадийдің жолында үлкен бөгетке айналған мексикалық Канело және олардың үшінші, біздіңше, шешуші жекпе-жегі жайында.

ЕКІ МЫҚТЫНЫҢ АЙҚАСЫ ТРИЛОГИЯҒА ҰЛАСА МА?

Отандасымыз бен Америка құрлығының мақтаншы Сауль Альварес арасындағы үшінші жекпе-жек ақыры болатын болды. Алайда қос боксшы да бұл трилогияға дейін бір рет басқа былғары қолғап шеберімен жұдырық түйістіреді. Геннадий жапониялық Риота Муратамен кездесе, Ал Канело ресейлік Дмитрий Биволмен жұдырық түйістіреді. Бірақ әлем назары бұл жекпе-жектерге емес, трилогияға ауып отыр. Америкалық бокс сарапшыларының мәліметінше, бұл соңғы он жылдықтағы ең мықты спорт кешінің тегілігіне енеб.

Алғашқы кездесуде екі мықты тең түсті. Төртінші шешуші рөл ойнаған екінші айқас мексикалық пайдасына шешілді. 2017-2018 жыл солай бітті. Үшінші жекпе-жек 2019 жылы ұйымдастырылады деген сыбыс тарайды. Бірақ болмады. Оған нақты себептер болған. Өйткені үшінші жекпе-жекте түстен қаржының 10 проценті Головкинге, 90 проценті Сауль Альвареске түседі деген ұйымдастырушы промоушен. Бұған Гена келіспеді. Тағы 10 процент қосты, оған да келіспеді.

Ал аталған бокс кешінің 2020 жылы неге болмағаны барлығына белгілі шығар. Әлемді дүр сілкіндірген пандемияға байланысты сол жылы қос боксшыға қайта жұдырықтасуды былай қойғанда, жаттығу жасап, дайындықтан отудің өзі мәселе болды. Себебі әлемде карантиндік жағдай енгізіліп, спорттық сайыстарды өткізуге түбегейлі тыйым салынды. Оның үстіне кәсіпқой боксшылардың екінші «отанына» айналған АҚШ-та вирус жұқтырғандар саны артып, шектеу шаралары күшейтілген еді. Осылайша көптеген боксшылар осы аралықта шаршы алаңға шыққан жоқ. Өйткенімен жыл соңында шектеулер азайып, промоутерлер өз былғары қолғап шеберлеріне бокс кештерін ұйымдастыруды қайта қолға алды.

Оның қатарында кәсіпқой бокстың жүлдыздары Головкин мен Канело да бар. Екеуі де жыл соңында шаршы алаңға шығып, жанкүйерлеріне әдемі шоу көрсетті. «Сары қазақ»

Польшаның мақтаншы Камил Шереметаны мерзімінен бұрын жеңді де жылды сәтті қорытындылады. Ал Канело британиялық Каллум Смитті ұпай басымдығымен жеңді. Кездесуден соң қос боксшы мәлімдеме жасап, промоутерлер екеуіне де тиімді тәуір ұсыныс жасады, трилогияға қарсы емес екендіктерін айтып қалды. Осы мәлімдемеден соң арада тағы бір жыл өтті. Бұл аралықта Гена украиндық боксшы Сергей Деревянченко мен канадалық Стив Роллсты жеңді. Ал Альварес ұлыбританиялық Рокки Филдинг, Билли Джо Сондерс, америкалық Даниэл Джейкобс, Калев Плант, түркиялық Авни Иылдырым және ресейлік Сергей Ковалёвпен жұдырық түйістіріп, бәрін де жеңіс тойын тойлады.

Осыдан кейін Канело Генанен үшінші рет жекпе-жекке шықпайтынын айтты. «Мен Головкинге 24 раунд бердім. Алайда ол мүмкіндігін пайдалана алмады. Мен үшін үшінші кездесу қызық емес» делі ол өз сөзінде. Дегенмен мексикалық боксшы тек бір жағдайда ғана қазақ боксшысымен кездесуге қарсы еместігін жасырмаған. Ол өз ойындағыдай миллион долларлық ұсыныс керек деп ашып айтты.

Әрине, трилогия боксшылардың қайсысына тиімді не тиімсіз деген сұрақтың айналасында көптеген сарапшылар, жанкүйерлер пікірлерін айтқан болатын. Біз осы тұста отандық және шетелдік спорт сарапшыларының пікірін бергенді жөн көрдік.

«Менің ойымша, Головкин Канеломен жекпе-жек өткізбегені дұрыс секілді. Өйткені Гена жыл өткен сайын үлкейіп, баяғы қарағанда күші сарқылып келе жатыр. Ал Альварес болса тиісінше, жыл санап күшіне күш қосуда. Егер үшінші жекпе-жек болатын болса, Головкинге өте қиын болады. Ол да бұл жекпе-жектің оңай соқпайтынын біледі деген ойдамын. Мүмкін менің ойым қате шығар, алайда қос боксшы арасындағы екінші жұдырықтасудың нәтижесі менің сөзімді қуаттай түседі деп ойлаймын. Сондай-ақ көзі ашық жанкүйерлер бірінші жекпе-жек пен екіншіні айырмашылығы жер мен көктей екенін де біледі. Екінші жек-

пе-жекте Канелоның әлдеқайда өскенін байқауға болады. Қорыта келгенде, қос боксшы арасындағы үшінші кездесу өтпегені дұрыс деп есептеймін», деген еді Олимпиада чемпионы Бахтияр Артаев.

Америкалық TALKsport порталының редакторы Майкл Бенсон GGG мен Канело арасындағы үшінші жекпе-жек қызықты өтетініне сенімді. «Геннадий Головкин мен Сауль Альварес рингке бір уақытта оралды. GGG де Альварес те қарсыластарына мүмкіндік бермей келеді. Был DAZN платформасының ең негізгі жұмысы – GGG мен Канело арасындағы трилогияны ұйымдастыру болмақ. Өйткені бұл шоуды өткізу жалғыз боксшыларға ғана емес, платформа мен промоутерлерге де пайдалы. Сондықтан бұл айқас осы жылдан әріге созылмайды», дейді Бенсон.

Жанкүйерлердің басым көпшілігі қос боксшының арасындағы екі айқастың қорытындысы бойынша есеп тең болды деп есептейді. Себебі алғашқы бөсекте отандасымыздың басым болғанын айтады. Міне, осыдан кейін қайсысының шын мәнінде мықты екенін анықтау үшін, біржағы спорт жанкүйерлерінің арасында күмән қалмауы үшін бәрбір шешуші кездесу керек еді. Мақала басында қос боксшының қаржы мәселесіне байланысты кездесуді кейінге шегеріп келгенін айттық. Алайда былтыр ортақ келісімге келіп, 70-30 болып, ақша мәселесі шешілді. Осы кезде барып қос тарап, келісімге келді. Әрине, бұл келісім қаржы жағынан Головкин үшін тиімсіздеу, дегенмен промоутерлердің дегені болады. Өйткені ұйымдастыратын солар. Оның үстіне айқас АҚШ-та өтеді. Соңғы мәлімдемелерге сүйенсек, отандасымыз бен мексикалық боксшының кездесуі жаз-қаз мезгілдерінде болмақ. Алайда бұл кездесу уақытынан бұрын өтуі де мүмкін секілді. Өйткені Ресей мен Украина арасындағы соғыс ресейлік Дмитрий Бивол мен Канелоның кездесуіне әсер етпей қоймайтын секілді. Егер Канело осы жағдайларға байланысты ресейлік боксшымен кездесуден бас тартса, Геннадийдің де жапониялық боксшымен айқасы кейінге шегерілуі ықтимал. Олай бола қалса, трилогияны жақын арада көріп қалуымыз бек мүмкін.



Әлем жылдағы дәстүрмен биылғы маусымда да дүбірлі додаларды жалғастырды. Әр құрылға белгіленген графикпен байрақты бәсекелер басталды. Ел ішінде ішкі біріншіліктер, түрлі жарыстар қыза түсті. Алайда көктемнің алғашқы айынан-ақ осынау әлемдік додалардың кестесі қайта өзгеріске ұшырады. Оған себеп – Ресей мен Украина арасындағы шиеленіс. Қазір қос ел арасындағы қарғыс спорттық шараларға да айтарлықтай әсер етіп, Ресей әлем мемлекеттері мен спорттық ұйымдар және жанкүйерлер тарапынан үлкен қарсылыққа ұшырауда. Бүгінде саясаттың салқыны бұл елдің спортшыларын спорттың барлық түрінен шеттетуге әкеліп отыр.

Ең бірінші, әлемдегі нөмірі бірінші спорт саналатын футболдың, оның ішінде УЕФА чемпиондар лигасының финалдық матчы Францияның астанасы Парижде ауысты. Қақтығыс басталғанша финал өтетін орын Санкт-Петербургтегі «Газпром Арена» деп белгіленген еді. Бұған қоса Ресей құрамасы енді УЕФА турнирлеріндегі матчтарын бейтарап алаңда өткізеді. Польша, Швеция және Чехия ӨЧ-2022 өтпелі кезеңінің ойындарын өткізу үшін Ресейге барудан бас тартты. Әлеуметтік желілерде шетелдік футболшылардың Ресейдің басқыншылық әрекетіне қарсы пікірлері өріп жүр.

СОҒЫС САЛҚЫНЫ СПОРТҚА ДА ӘСЕР ЕТТІ


құрғанын қалаймыз. Ресейдің мына әрекеті біздің оларға деген жеккөршілігімізді оятты. Украина да бізге бауырлас ел. Біз ӨЧ-2022 аясында кездесуде Ресей құрамасымен ойнаудан бас тартамыз» делі.

Осылайша Англия, Польша, Швеция, Чехия, Уэльс, Норвегия, Албания, Швейцария, Ирландия және Дания құрамалары Ресеймен ойнаудан бас тартты. Тіпті халықаралық олимпиадалық комитет (ХОК) Ресей мен Беларусь жеріндегі барлық турнирлерді кейінге шегеруді немесе мүлде болдырмауды және ол елдердің туы мен гимндерін қолданбауды ұсынды. Ресейлік клубтар еурокубоктағы барлық матчтарын бейтарап алаңдарда өткізеді.

Сонымен қатар «Шальке 04» футбол клубы ойын жейдесіндегі демеушінің «Газпром» атауын алып, «Газпроммен» серіктестікті мерзімінен бұрын тоқтатты. УЕФА олармен келісімшартты бұзды. Ал атыңызға айналған, әлемдегі миллиондаған жанкүйерлердің жүрегін жаулаған «Манчестер Юнайтед» ресейлік «Аэрофлот» әуе компаниясымен серіктестікті тоқтатты. Әлемдегі үздік лига

саналатын АПЛ-дегі кездесулер барысында Украинаның туын көрсетуге рұқсат берді. Ол үшін ешкім жазаланады. ФИФА мен УЕФА Ресейдің барлық командаларын халықаралық турнирлерден шеттетті. Ресей ӨЧ-2022 өтпелі кезеңіне де, финалдық кезеңіне де қатыса алмайды. Ал «Спартак» Еуропа лигасының осы маусымнан шығарылды. Тіпті алда Украинадағы жағдайға байланысты санкция күшейіп, ресейліктер Әлем чемпионатына мүлдем қатысырылмауы мүмкін.

Әлемнің әр түкпірінде наразылықтар болып, өзге де спорт түрлерінен орыс халқын шеттетуге сұралуда. Әсіресе бұл Еуропада қатты белең алды. Соның салдарынан Швеция мен Финляндия допты хоккейден Сыктывкардағы Әлем чемпионатына қатысудан бас тартса, «Формула-1-дің» Ресейдегі гран-при турнирі өтпейтін болды. Тіпті Санкт-Петербургте өтуі тиіс АТР 250 турнирі Қазақстанға, нақтырақ айтсақ Нұр-Сұлтанға ауыстырылды. Бұдан бөлек енді көрініс елде шаңғы спортынан әлем



кубогін кезеңдері де өтпейді. Бүкіләлемдік шахмат олимпиадасы да Ресейден басқа мемлекетке ауыстырылуда.

Ресейліктер үшін спорт әлеміндегі жағымсыз жаңалық мұнымен бітпеді. Еуропалық регион федерациясы мен самбо федерациясы Ресей аумағында турнирлер өткізбейміз деп шешті. Санкцияның күшейгені соншалық Ресей мен Беларусь хоккей құрамалары барлық халықаралық тур-

нирлерден шеттетілді. Олардың қатарында ересектер, әйелдер, жастар һәм жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионаттары бар. ИИФ Ресейді 2023 жылы Новосібір мен Омскте болуы тиіс хоккейден жастар арасындағы Әлем чемпионатын өткізу құқығынан айырды. Ал халықаралық гандбол федерациясы Ресей мен Беларусьті өзі өткізетін барлық турнирлерге енді қатыстырмайды.

Сөз соңы. Жалпы қос ел арасындағы шиеленіс тоқтап, ахуал жақсармайынша ресейліктерге салынар санкция көбейе түспек. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, Ресей соғысты тоқтатпай, спорттың барлық түріне қатыспайтын әлемдегі жалғыз мемлекет болуы ықтимал. Бұл туралы отандық және шетелдік сарапшылар жиі айтады.



Бетті дайындаған Актікбай БГТІМБАЙ



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орыналасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардың пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, белтеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр мөлді» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарлауға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4258 Тапсырыс №360

Басы 1-бетте

Түпнұсқадаң аударып, шолу жасаған Аслан НУРАЗҒАЛИ

Нөмірінен кезекші редакторы Ақпарат ОЛЖАБАЕВА